

№ 1 « 31 » 02 2021 ж.

Пед кеңесте қаралды

Бекітемін:  Л.Х.Еспанова

Т.Жүргенов ЖОББМ директоры



Келісемін:  Б.Д.Сейдханов

Аудандық білім бөлімінің басшысы



Тақырыбы
Математика әлемі
вариативтік курс

Мектепалды даярлық тобы

Орындаған: А.Ж.Ақдаулетова

ӘБ отырысында қаралды:

№ 1 хаттама 28 күні 02 айы 2021ж

Ә/Б жетекшісі:  Д.Т.Атыгаева

Тексерілді:  А.Ж.Шайхина

Әдістемелік ісі орынбасары

Түсінік хат

Баланы мектепалды даярлау үздіксіз білім беру жүйесіндегі педагогика ғылымдары мен практикасының ең басты өзекті мәселелері. Мектепалды дайындық баланың оқу мәселесін жақсы жағдайда болуына байланысты. Бүгінгі мектеп жасына дейінгі балалардан Қазақстан келешегі байқалады. Жаңа ұлттық тәрбиелеуде тәрбиенің мазмұны, ізгілендіру, жекелендіру, жаңа педагогикалық дамудың әлеуметтік бағытының түбегейлі өзгеруін талап етеді.

Балабақшадағы мектепке даярлық тобындағы арнайы өтілетін сабақ кезінде балалар есінде түрлі заттың қасиеттері, сапалық сандық ерекшеліктері туралы ұғымдар қалыптасады. Соның нәтижесінде заттардың пішінінің, түсін, көлемін салыстыра білуге олардың кеңістіктегі орнын ажыратуға дағдыланады.

Бағдарламалық материалды балаларға игерту үшін тәрбиеші баланы жәй санауға емес, ой – еңбегіне бейімдеуге олардың қиялын, санасын, зейінін дамытатындай есептерді ауызша шығара білуге үйретеді. Осы талаптарға сай вариативтік бөлімге берілген 1 сағаты «Математика әлемі» сабағына жоспар құрдым.

Бұл жоспар балалардың жас ерекшеліктері ескеріп мектепалды даярлау бағдарламасының талаптарына сай құрылған. Сабақ 1 вариативтік сағатқа жоспарланып, ойын түрде өткізіледі және математикалық сауықтар, дидактикалық ойындар, шытырмандар, логикалық есептер жазылды.

Жұмбақтар мен жаңылтпаштар, қаламақ пен санамақ, өткір өлеңдер, сергіту сәттері баланы қызықтырып көңіл – күйін қуанышқа бөлейді. әдемі машықтар, сөз өнерінің кестелері жақсы ұйқастар бәрі де балаға әсер беріп қиялын қанаттандырады, ойлауын дамытады.

Мектепалды даярлық топтарына арналған «Математика әлемі» вариативтік сағаты 5 – 6 жастағы баланың жас ерекшелігіне бағытталып жасалды. Тақырыптары қызықты тапсырмалар, логикалық есептер, санамақтар шығармашылық қабілетін ашып, қызығушылығын арттырды. Заттың түріне, түсіне, пішініне қарай салыстыру, әр затты өз қолдарымен ұстап, оған мән беру арқылы ішкі сезімге әсер ету, сонымен бірге баланың өздігінен ізденуі дамудың бірден – бір жолы.

Мақсаты: Баланың ақыл – ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету, дүниетанымын кеңейту.

Міндеті: балалардың қолдарын жазуға жаттықтыру, санап үйрену

Күтілетін нәтиже: Заттың түр түсіне қарай ажыратады. Есептеу, ойлау, есте сақтау қабілеттері дамиды, шығармашылық, қызығушылық қабілеттері артады

Мазмұндық бөлім

1. Қызықты пішіндер әлемі 14-сағат

Бұл бөлімде балалар геометриялық пішіндермен танысады. Дөңгелек, шар, төртбұрыш, үшбұрыш туралы түсініктерін кеңейтеді. Жазықтықтағы бейнелерді құрастыру арқылы ойлау қиялдау қабілеттері дамиды.

2. Коңілді сандар әлемі 8-сағат

Балалар 1-5ке дейінгі сандардың дұрыс жазылуымен, берілген нүктелерді дұрыс қосу арқылы саусақтарын жаттықтыруға машықтанады. Қосу, азайту әлеміне саяхат жасау арқылы салыстыру азайту туралы білімдерін кеңейтеді.

3. Тапқыштар әлемі 10-сағат

Санамақтар ребус сөз жұмбақтар арқылы балалардың ойлау қабілетін, логикалық ойлауын дамытамыз.

Нормативтік бөлім

Барлығы – 32 сағат. Аптасына – 1 сағат.

№	Тақырыбы	Сағат саны	Күні	Бағдарламаның мазмұны
1	Пішіндер туралы түсінік	1	02. 09	Балаларға біреуі артық немесе кем санды тауып, атауды үйрету.
2	Дәл осындай пішінді тап	1	09. 09	геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.
3	Үйдің есігін жабайық	1	16. 09	заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.
4	Вагондарға сипаттама	1	23. 09	геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.
5	«Мен құрылысымын»	1	30. 09	Балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды

				ұсыну.
6	«Жұбын тап» ойыны	1	09.10	Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру.
7	Әдемі кілемшелер	1	14.10	Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.
8	Таныс пішіндер доминосы	1	21.10	Балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар сурет сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді.
9	Кішкентай жүргізушілер	1	28.10	Балалар жүргізуші болады. Қолдарына суреті бар рольдерді таратып беру. Белгі бойынша балалар көліктерін жүргізіп ойнайды.
10	Фигураның түсін тап	1	11.11	Балаларға түрлі – түсті дөңгелектер тарату, түсін атау.
11	Зейінді бол	1	18.11	Күрделі геометриялық суреттен

	«Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта»	1	24.02	атын атап, түсін айтады. Балалар сипап – сезу арқылы заттың ұзын - қысқалығын анықтау. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған «көзіңді жұм да, қарындаштың ұзын –қысқалығын анықта» деген тапсырма береді.
22	Не бейнеленген?	1	03.03	Балаларға биік және аласа заттардың суреттерін немесе ойыншықтарын қарастыруды ұсынады. Әр суретте не бейнеленгенін анықтау.
23	Ұзын - қысқа	1	10.03	Балаларға ұзын және қысқа жолақшаны көрсету. Өлшемін анықтау. Жолақшаларды таратып беру. Үстелдің үстіндегі жолақшалардың
24	Шамдар әлемі	1	17.03	Балаларға шамдарды таратып беру, шамдардың түсін, өлшемін анықтауды ұсыну. Балалар тәрбиешінің шамын өздерінің шамдарымен салыстырады.
25	«Қолымда не бар?»	1	04.04	Баланың қолына үлкендігі әртүрлі заттарды ұстату.
26	Қуыршақ қонаққа дайындалуда	1	ҚРБҒМН 15.03.2022 №18.21/120 И.	Қуыршақ қонаққа барады, киімін киюге, шашына бантик таңдауға көмектесуді ұсыну. Көп бантиктердің арасынан ұзындығы бірдей екі
27	Тапсырманы орында	1	14.04	бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты

				ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді.
28	«Қай қолымда көп»	1	21.04	Ортаға бір баланы шақырып, оң және сол қолына көп және аз заттарды ұстатады. Бала алдымен көз мөлшерімен қай қолда зат көп, қай
29	Сипаттамасы бойынша тап	1	28.04	балалар аю, түлкі, қасқыр, қоянның ойыншықтарын қарастырады. Әр ойыншықты анықтап атын атайды.
30	«Көп және біреу»	1	05.05	Балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, екі жаққа қояды.
31	«Түрлі-түсті жолақтар»	1	12.05	балаларға жолақ шаларды көрсету, түстерін атау. Берілген жолақ шаның түсі бойынша үстелдің үстіндегі дәл осындай жолақ шаны табу.
32-33	«Ұзын және қысқа»	1	19.05	балаларға ұзын және қысқа жолақ шаны көрсету. Өлшемін анықтау. Жолақ шаларды таратып беру. Үстелдің үстіндегі жолақ шалардың

Ақпараттық – әдістемелік бөлім

./ Сабақты қызықты, әрі тиімді өткізу мақсатында ойын технологиясын қолданамын. Заттың пішінін ажырата білуге, сандарды дұрыс, әдемі жазылуына мән беруге баса назар аударамын. Дидактикалық ойындар арқылы («Көршісін тап», «Кім жылдам», «Тез, ойлан» т.б.) балалардың ойлау қабілетін, ой – өрісін дамытсақ, санамақтар, ребус, сөз жұмбақтар, логикалық есептер арқылы есте сақтау қабілетін дамытып, ұшқыр ойға, ұтымды жауап беруге баулу, пәнге деген қызығушылығын, белсенділігін арттыру. Ұқыптылыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.

ә) Балаларға топтық мадақтау жүйесін қолданам

Пайдаланған әдебиеттер

Мәленушілер үшін

1. Интернет желісі: Балалар әлемі kz. , білімділер порталы. «Логикалық тапсырмалар».

2. Математикалық жазулар. «Алматыкітап» баспасы,2012ж.

3. Балалар журналы. «Балдырған» 2015 Сәуір

3. Балалар журналы «Айгөлек» 2015 Мамыр

Тәрбиеші үшін

1. Математика "Логика" "Өлке" баспасы 2012 ж

Авторлары: Ардақ Мұқышева, құрастырған Рамазан Омаров.

2. "Аруна баспасы" 2007 ж "Геометриялық фигуралар" Авторлары: Г. Долженко. Е. Өтетлеуұлы. А. Байғабылова

3." Қызықты математика" 2013 ж Авторы: Куканбаева Светлана Алимовна

4. А.В.Запорожец «Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту»